

"Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бүйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 345 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 желтоқсанда № 17863 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 35-бабының 5-тармағына, "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 35-7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Бейбітшілік және келісім музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" 2018 жылғы 31 наурыздағы № 150, "Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы "Хан Ордалы – Сарайшық" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын коммуналдық меншіктен республикалық меншікке қабылдау туралы" 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 162 қаулыларын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12608 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 18 қантарда жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) бюджеттік субсидияларды бөлу меншікті қаражат есебінен өтелетін залал көлемін шегере отырып, мемлекеттік театрлардың, концерттік ұйымдарының, мәдени-демалыс ұйымдарының, музейлердің және цирктердің залалын өтеуге бағыттау арқылы жүзеге асырады.";

1-қосымшада:

Респубикалық театрлар, концерттік ұйымдардың және музейлердің залалын өтеуге арналған субсидиялардың мөлшерлері мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 31, 32 және 33-жолдармен толықтырылсын:

"

31.	98 %	"Бозоқ" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК
32.	98 %	"Ботай" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК
33.	98 %	"Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" РМҚК

".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Экономика және қаржы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік көсіпорнына жіберілуін;

3) осы бүйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

A. Мұхамедиұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Θ. Смайлов

2018 жылғы " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

---

Т. Сүлейменов

2018 жылғы " "

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК